

«АЗАМАТТАРГА АРНАЛГАН ТҮӨМЕТ» МЕМЛЕКЕТТЕК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НР-СҮРТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИНАНСНЫҢ ЖЫЛДЫМАЙТАН МУЛЖАКЕ КҮНДІКТАРДЫ
ЖЕҢ ЗАҢДЫ ТҰРГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАМАСЫ

ЕНГЕЗІЛГЕН ӨЗГЕРИСТЕР МЕН

ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 ж. 15, 08
БСН 000 34 00001165
№ 73937-7907-1000-04

Бастапқы тіркелгендікүні
20 00 ж. 10, 08

«QazaqGaz» ҰК» АҚ

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ШЕШІМІМЕН
(«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ)

БАСҚАРМА ОТЫРЫСЫНЫҢ

2023 ЖЫЛЫ «03» ТАМЫЗДАҒЫ

№38/23 ХАТТАМАСЫ)

БЕКІТІЛГЕН



**«QazaqGaz» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Астана қ., 2023 жыл

1-БАП. ЗАНДЫ МӘРТЕБЕСІ

«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – QazaqGaz) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қор туралы Заң) сәйкес «Самұрық-Казына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының тобына кіреді және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі – Заңнама), сондай-ақ осы Жарғымен (бұдан әрі - Жарғы) және QazaqGaz-дың Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырады.

2. QazaqGaz әділет органдарында мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие.

3. QazaqGaz-дың қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырылады.

4. QazaqGaz-дың дербес балансы, банктік шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі болады.

5. QazaqGaz өзінің тауарлық белгісіне ие және ұлгілерін QazaqGaz Басқармасы бекітетін және белгіленген тәртіппен тіркелетін өзге де символикаға, сондай-ақ мемлекеттік, орыс тілдеріндегі мәртабандарға, фирмалық бланкілерге және басқа да деректемелерге ие болуы мүмкін.

2-БАП. QAZAQGAZ-ДЫҢ АТАУЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

6. QazaqGaz-дың атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы – «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы, қысқартылған атауы – «QazaqGaz» ҰК» АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – Акционерное общество «Национальная компания «QazaqGaz», қысқартылған атауы – АО «НК «QazaqGaz»;

ағылшын тіліндегі толық атауы – Joint Stock Company «National company «QazaqGaz», қысқартылған атауы – JSC «NC «QazaqGaz».

7. Орналасқан жері: QazaqGaz (оның Басқармасы): Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әлихан Бекейхан көшесі, 12.

8. QazaqGaz-дың қызмет ету мерзімі – шектеусіз.

3-БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

9. QazaqGaz-дың жалғыз акционері «Самұрық-Казына» ұлттық әл – ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Жалғыз акционер, Қор) болып табылады.

4-БАП. ҚҰРЫЛТАЙШЫ ҚҰЖАТТАРЫ

10. Осы Жарғы QazaqGaz-дың құрылтайшы құжаты болып табылады.

11. Барлық мұдделі тұлғалар Жарғымен танысуға құқылы.

5-БАП. ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

12. QazaqGaz-дың мақсаты – жеке шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза кіріс алу.

13. QazaqGaz қызметінің мәні:

1) газды құбыржолы, теңіз және темір жол көлігімен тасымалдауды қоса алғанда, газ тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтер;

2) жаңа технологияларды өзірлеу және енгізу;

3) экономиканың түрлі салаларындағы бейінді мамандарды кәсіптік қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды және олардың біліктілігін растауды жүзеге асыру;

4) сыртқы және ішкі нарықта газды сатып алу-сату;

5) сақтау жөніндегі объектілерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде құбыржол жүйесін жобалауды, қаржыландыруды, салуды, жүргізуі және пайдалануды үйимдастыру;

6) электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату;

7) QazaqGaz-дың электр желілері мен қосалқы станцияларын, QazaqGaz-дың гидротехникалық құрылыштарын, QazaqGaz-дың магистральдық газмұнай өнімдері құбыржолдарын, көтергіш құрылыштарын, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін QazaqGaz-дың қазандықтарын, ыдыстары мен құбыржолдарын жобалауды және салуды үйимдастыру, сондай-ақ пайдалану;

8) бөгде компанияларға кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг) кешенін беру;

9) өз мүлкін және сенімгерлік басқаруға берілген мүлікті басқару және жалға беру;

10) санаториялық-курорттық үйимдарды басқару;

11) өндіру процесін қамтамасыз ету үшін көмірсутекті пайдалы қазбаларды, жерасты суларын барлау және өндіру;

12) QazaqGaz қызметіне байланысты жобаларға сараптаманы жүзеге асыру және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекіту;

13) технопартерді, технологияларды коммерцияландыру орталықтарын, салалық конструкторлық бюrolарды, технологиялар трансферті халықаралық орталықтарын құруға, басқаруға және үйлестіруге қатысу;

14) газ тәріздес отын өндіру;

15) газ тәріздес отынды құбыржолдар бойынша бөлу;

16) құбыржолдар бойынша газ тәріздес отынды сату;

17) мұнай өндеу өнімдерін өндіру болып табылады.

Заңнамада белгіленген тәртіппен алынуы қажет лицензияның немесе рұқсаттың өзге түрінің болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе рұқсаттардың өзге түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

6-БАП. QAZAQGAZ-ДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

14. QazaqGaz барлық құқықтарға ие және Заңнамада көзделген барлық міндеттерді атқарады.

15. QazaqGaz Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие. QazaqGaz Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

16. Жалғыз акционер QazaqGaz-дың міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде, QazaqGaz қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

17. QazaqGaz өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапты болады.

18. QazaqGaz өз атынан мәмілелер (шарттар, келісімшарттар) жасаса алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып ала алады, сotta талапкер немесе жауапкер бола алады, сондай-ақ Заңнамаға қайшы келмейтін басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

19. QazaqGaz қорғау құжаттарын, технологияларды, «ноу-хауды» және басқа да ақпаратты сатып алуға, иеленуге және пайдалануға құқық береді алады.

20. QazaqGaz Қазақстан Республикасында және шетелде өз филиалдары мен өкілдіктерін құра алады, оларға жеке мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын береді алады және Заңнамаға сәйкес олардың қызмет тәртібін айқындай алады. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі QazaqGaz балансында есепке алынады.

21. Филиалдар мен өкілдіктердің қызметіне басшылықты QazaqGaz Басқарма Төрағасы тағайындастырын тұлғалар жүзеге асырады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары QazaqGaz берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

22. QazaqGaz өндірістік қызметті жоспарлауға, жұмыскерлерге еңбекақы төлеуге, материалдық-техникалық жабдықтауға, әлеуметтік дамуға, кірісті бөлуге, кадрларды іріктеуге, орналастыруға және қайта даярлауға байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді.

23. QazaqGaz белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа да қаржы үйімдарында ұлттық валютада да, шетел валютасында да шоттар ашуға құқылы.

24. QazaqGaz Заңнамаға сәйкес теңгемен және шетел валютасымен қарыз алуға және кредиттерді пайдалануға құқылы.

25. QazaqGaz ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

26. QazaqGaz Басқарма Төрағасы QazaqGaz Директорлар кеңесінің Төрағасымен QazaqGaz Басқарма Төрағасының шетелдік іссапарларын келіседі және Директорлар кеңесінің Төрағасын QazaqGaz Басқарма Төрағасының Қазақстан Республикасының аумағындағы іссапарлары және QazaqGaz Басқарма мүшелерінің шетелдік іссапарлары туралы хабардар етеді.

27. QazaqGaz Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген басқа да құқықтарға ие болуы және басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

7-БАП. АКЦИЯЛАР МЕН БАСҚА Да бағалы қағаздар

28. QazaqGaz акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыруға құқылы. QazaqGaz-дың бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналымға жіберу және өтеу талаптары мен тәртібі Заңнамамен айқындалады.

29. QazaqGaz қарапайым ғана акциялар шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге өз құзыретіне жататын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқығын, QazaqGaz-да таза кіріс болған кезде дивидендтер алу құқығын және Заңнамада белгіленген тәртіппен оны тарату кезінде QazaqGaz мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

30. QazaqGaz акцияларын шығару құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

31. QazaqGaz өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы.

32. Жарияланған акцияларды немесе QazaqGaz-дың жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру, сондай-ақ бұрын сатып алғанған көрсетілген бағалы қағаздарды сату ниеті болған кезде, QazaqGaz бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жазбаша хабарлама немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы Жалғыз акционерге бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдаған QazaqGaz органы белгілеген орналастыру (өткізу) бағасы бойынша бағалы қағаздарды сатып алушы ұсынуға міндettі.

33. Орналастырылатын акцияларға ақы төлеуге Қазақстан Республикасының Заңында және өзге де заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша, мүліктік құқықтар (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтар) және өзге де мүлік енгізілуі мүмкін.

Ақшадан басқа өзге мүлікпен (бағалы қағаздарды қоспағанда) төлеу бағалаушы айқындейтын баға бойынша жүзеге асырылады.

QazaqGaz-дың орналастырылатын акцияларына қор биржасында айналымдағы бағалы қағаздармен ақы төлеу қор биржасының бағалы қағаздарын бағалау әдістемесіне сәйкес қор биржасы айқындейтын нарықтық баға бойынша жүзеге асырылады. Акцияларға ақы төлеуге енгізілетін бағалы қағаздардың түріне қатысты көрсетілген әдістеме бойынша қор биржасы есептеген осындай бағалы қағаздардың нарықтық бағасы болмаған жағдайда, олардың құнын бағалауды бағалаушы жүргізеді.

34. Орналастырылған акцияларды сатып алу Qazaqgaz-дың бастамасы бойынша Жалғыз акционердің келісімімен оларды кейіннен сату мақсатында немесе Заңнамаға және (немесе) QazaqGaz Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда Занда белгіленген тәртіппен бекітілген акцияларды QazaqGaz-дың сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау әдістемесіне сәйкес жүргізілуі мүмкін.

35. QazaqGaz-дың бағалы қағаздарын кепілге қоюға QazaqGaz құқылы. Егер кепіл талаптарында өзгеше көзделмесе, Жалғыз акционердің өзі кепілге қойған акция бойынша дауыс беруге және дивидендтер алуға құқығы бар.

36. QazaqGaz акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуі орталық депозитарий жүзеге асырады.

37. QazaqGaz өзі орналастырған бағалы қағаздарды, егер:
- 1) кепілге берілетін бағалы қағаздар толық төленген;
 - 2) QazaqGaz-дың кепіліне берілетін және оның кепіліндегі акциялардың жалпы саны QazaqGaz сатып алған акцияларды қоспағанда, QazaqGaz орналастырылған акцияларының жиырма бес пайзынан аспаған;
 - 3) кепіл туралы шартты Жалғыз акционер макұлдаған жағдайда ғана кепілге қабылдай алады.

8-БАП. ДИВИДЕНДТЕР

38. QazaqGaz Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес QazaqGaz төлейтін Жалғыз акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша кірісі дивиденд болып табылады.

39. Дивидендтер ақшалай немесе QazaqGaz-дың бағалы қағаздарымен төленеді. QazaqGaz акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге, мұндай төлемді QazaqGaz-дың жарияланған акциялары және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асыру Жалғыз акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда ғана жол беріледі.

40. QazaqGaz акциялары бойынша дивидендтер төлеу тоқсанның, жартышылдықтың немесе жылдың қорытындылары бойынша тиісті кезеңдегі QazaqGaz-дың қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

41. Дивидендтер Жалғыз акционер белгілеген мерзімде дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған кезде төленеді.

42. Жалғыз акционер белгілі бір кезеңдегі QazaqGaz-дың жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

43. QazaqGaz-дың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде Занда көзделген мәліметтер болуға тиіс.

44. Жалғыз акционер, Занда көзделген жағдайларды қоспағанда, QazaqGaz берешегінің құрылу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге ақшалай міндеттеме орындалған құнгеге немесе оның тиісті бөлігіне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін дивидендтер мен өсімпүлдардың негізгі сомасы төленеді.

Дивидендтерді төлеу жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.

45. QazaqGaz-дың жай акциялары бойынша Жалғыз акционерге дивидендтер есептеуге:

- 1) QazaqGaz-дың меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе егер QazaqGaz-дың меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде теріс болған жағдайда;

- 2) егер QazaqGaz Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік

белгілеріне жауап берсе немесе көрсетілген белгілер QazaqGaz-да оның акциялары бойынша дивидендерді есептеу нәтижесінде пайда болған жағдайда жол берілмейді.

9-БАП. QAZAQGAZ ОРГАНДАРЫ

46. QazaqGaz-дың органдары:

- 1) жоғары органы – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы – Басқарма;
- 4) QazaqGaz-дың қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, QazaqGaz-дың ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бағалауды және оның қызметін жетілдіру мақсатында консультация беруді жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

10-БАП. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

47. Жалғыз акционердің:

- 1) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен QazaqGaz-ды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) QazaqGaz-ға жазбаша сұрау салулармен жүгінуге және QazaqGaz қызметі туралы, оның ішінде егер сұрау салуда өзге мерзімдер белгіленбесе, QazaqGaz сұрау салуды алған сәттен бастап отыз күннен кешіктірмей, құпия сипаттағы ақпаратты қоса алғанда, үлестес ұйымдар бөлінісінде ақпарат алуға, сондай-ақ Жалғыз акционермен немесе Жарғымен айқындалған тәртіпте QazaqGaz-дың қаржылық есептілігімен танысуға;
- 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның QazaqGaz-дың бағалы қағаздарына меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) QazaqGaz-дың органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуда;
- 6) Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, лауазымды адамдардың QazaqGaz-ға келтірген залалдарды өтеуі және лауазымды адамдардың және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (кірісін) QazaqGaz-ға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгінуге;
- 7) QazaqGaz-ды тарату кезінде мұліктің бір бөлігіне;
- 8) Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, QazaqGaz акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды Занда белгіленген тәртіппен басымдықпен сатып алуға;
- 9) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалғыз акционердің карауына шығару үшін қосымша мәселелерді енгізуі ұсынуға;
- 10) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

11) аудиторлық ұйымның QazaqGaz аудитін өз есебінен жүргізуді талап етуге;

12) өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға бастамашылық жасауға құқығы бар.

48. Жалғыз акционердің Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

49. QazaqGaz-дың Жалғыз акционері:

1) акцияларды Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген тәртіппен төлеуге;

2) он жұмыс күні ішінде орталық депозитарийге және (немесе) Жалғыз акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысына QazaqGaz акцияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға;

3) QazaqGaz немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе Заңмен қоргалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңға және Заңнамаға сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

50. QazaqGaz, орталық депозитарий және (немесе) номиналды ұстаушы Жалғыз акционердің QazaqGaz Жарғысының 10-бабы 49-тармағының 2) тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.

51. Заңнамамен және (немесе) QazaqGaz Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналышының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер белгіленген тәртіппен қабылдайды.

52. Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпаратты қамтуға тиіс.

53. Жалғыз акционердің шешімдері QazaqGaz Басқармасының орналасқан жері бойынша сақталуы және кез келген уақытта танысу үшін Жалғыз акционерге ұсынылуы тиіс. Жалғыз акционердің талабы бойынша оған Жалғыз акционер шешімінің көшірмесі беріледі.

54. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) QazaqGaz-ды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) QazaqGaz-дың орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе QazaqGaz-дың жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын басым сатып алу құқығын қолданбай айқындау;

5) QazaqGaz жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе QazaqGaz-дың орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

- 6) QazaqGaz-дың бағалы қағаздарын айырбастау талаптары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
- 7) QazaqGaz жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың талаптарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 9) акцияларды бөлу туралы шешім қабылдау, осындай бөлудің талаптарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;
- 10) мемлекеттік емес облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару талаптарын айқындау;
- 11) QazaqGaz акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 12) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 13) Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта QazaqGaz акцияларын сатып алу кезінде олардың құнын айқындау әдістемесін және әдістемесіне өзгерістерді бекіту;
- 14) QazaqGaz-дың қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгіленген тәртіппен айқындау;
- 15) QazaqGaz-дың аудителген жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- 16) есепті қаржы жылындағы QazaqGaz-дың таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және QazaqGaz бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 17) бөлінбеген пайданы бөлу;
- 18) QazaqGaz жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 19) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- 20) QazaqGaz Басқарма Төрағасын сайлауды және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды келісу;
- 21) QazaqGaz-ға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомада активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен QazaqGaz-дың өзге заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге заңды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 22) дивидендтік саясатты және дивидендтерді есептеу нормативтерін бекіту;
- 23) Жалғыз акционерге QazaqGaz қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;
- 24) QazaqGaz қызметіне қатысты әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды бекіту;
- 25) әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін, оның ішінде қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және

әкімшілік аппаратты орналастыру үшін аландар нормаларын, өкілдік шығыстар лимиттерін айқындау;

26) QazaqGaz-дың іс-шаралар жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және олардың орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту;

27) Заңнамаға, Жалғыз акционер бекіткен Жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

28) шешімдерді қабылдау Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

55. Егер Заңнамада өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешімдер қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді QazaqGaz-дың басқа органдарының, лауазымды адамдары мен жұмыскерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.

56. Жалғыз акционер QazaqGaz-дың ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша QazaqGaz-дың өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11-БАП. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

57. Директорлар кеңесі Заңмен және (немесе) Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және QazaqGaz Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, QazaqGaz-дың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы Жарғыда айқындалған тәртіппен қабылданады.

58. Егер занда өзгеше белгіленбесе, Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) QazaqGaz қызметінің басым бағыттарын айқындау, QazaqGaz-дың даму стратегиясын бекіту, QazaqGaz-дың даму жоспарын (бизнес-жоспарын) бекіту, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

2) QazaqGaz-дың Жалғыз акционерінің қарауына шығарылатын мәселелерді мақұлдау;

3) QazaqGaz корпоративтік басқару кодексін, оған өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау және оны Жалғыз акционерге бекіту үшін енгізу;

4) QazaqGaz-дың Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есебін бекіту;

5) QazaqGaz орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

6) QazaqGaz облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

7) QazaqGaz жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, QazaqGaz Жалғыз акционеріне аяқталған қаржы жылындағы QazaqGaz таза кірісін бөлу тәртібі және QazaqGaz бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері туралы ұсыныс беру;

8) QazaqGaz жылдық есебін бекіту;

9) QazaqGaz жұмыскерлерінің жалпы санын, филиалдар мен өкілдіктер бойынша санын қамтитын QazaqGaz орталық аппаратының құрылымын бекіту;

10) QazaqGaz-дың басқа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;

11) QazaqGaz басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан астам пайзыны сатып алу немесе иеліктен шығару туралы шешімдер қабылдау;

12) QazaqGaz Басқармасының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімдерін айқындау, QazaqGaz Басқармасы Төрағасы мен мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

13) Қордың саясатын ескере отырып, QazaqGaz Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау;

14) QazaqGaz қызметінің түйінді көрсеткіштерінің нысаналы мәндерін бекіту және оларға қол жеткізу мониторингі, QazaqGaz Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелері үшін қызметтің түйінді көрсеткіштерін және олардың нысаналы және нақты мәндерін бекіту;

15) QazaqGaz Басқарма мүшелерінің заңнамада белгіленген тәртіппен басқа ұйымдарда қоса атқаратын жұмысын келісу;

16) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің Төрағасы мен мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

17) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімдерін айқындау, оның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру мөлшері мен шарттарын айқындау, сондай-ақ олардың қызметін бағалау, Ішкі аудит қызметінің штат кестесін және ішкі аудит қызметі туралы ережені бекіту;

18) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

19) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарau және олар бойынша шешімдер қабылдау;

20) корпоративтік хатшыны және Корпоративтік хатшы қызметінің жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктер мерзімін айқындау, Корпоративтік хатшының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру шарттарын айқындау, Корпоративтік хатшының қызметін бағалау, Корпоративтік хатшы мен Корпоративтік хатшы қызметі туралы ережені, Корпоративтік хатшы қызметінің штат кестесін бекіту;

21) Омбудсменді тағайындау, оның өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Омбудсменнің лауазымдық жалақысының мөлшерін және еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау, Омбудсмен туралы ережені бекіту;

22) Комплаенс қызметінің басшысы мен жұмыскерлерін тағайындау, олардың өкілеттіктер мерзімін айқындау, Комплаенс қызметі басшысының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Комплаенс қызметі басшысы мен жұмыскерлерінің лауазымдық жалақысы мен еңбегіне ақы төлеу және сыйлфқақы беру шарттарын айқындау, олардың қызметін бағалау, Комплаенс қызметі туралы ережені, Комплаенс қызметінің штат кестесін бекіту;

23) QazaqGaz Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша QazaqGaz ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (QazaqGaz қызметін ұйымдастыру мақсатында QazaqGaz Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде QazaqGaz аукциондарын өткізу және бағалы қағаздарға жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

24) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан астам пайызы QazaqGaz-ға меншік және (немесе) сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі занды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының құзыретіне жататын қызметтің мынадай мәселелері бойынша шешімдер қабылдау:

а) акционерлік қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
б) қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

в) акционерлік қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе акционерлік қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

г) акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;

д) акционерлік қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

е) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

ж) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар мен шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

з) барлық дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) тікелей немесе жанама түрде QazaqGaz-ға (Кор тобы шеңберінде) тиесілі занды тұлғалардың атқарушы органдары басшыларының өкілеттіктерін Қор Басқармасы бекітетін тізбеке сәйкес Қор Басқармасымен келісу бойынша тағайындау және мерзімінен бұрын тоқтату, кейіннен олармен белгіленген тәртіппен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату;

и) қоғамның өзге занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан астам пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге занды тұлғаларға қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

- к) «алтын акцияны» енгізу және құшін жою;
 - л) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің байқаушы кеңесінің өкілеттіктерін сайлау және мерзімінен бұрын тоқтату;
 - м) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;
 - н) жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің барлық мүлкін кепілге қою туралы шешім;
 - о) жауапкершілігі шектеулі серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау және осындай берудің шарттарын айқындау;
 - п) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім;
 - р) жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім.
- 25) QazaqGaz-дың міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан астам пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
- 26) Жалғыз акционер бекіткен заңнамаға, Жарғыға және ішкі құжаттарға сәйкес Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 27) QazaqGaz-дың Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатты, тәуекел-аппетитін, тәуекелдер тізілімі мен карталарын бекіту, тәуекелдері бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау;
- 28) QazaqGaz-дың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі мен корпоративтік басқару жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;
- 29) ақпараттық саясаттың тиімділігін бағалау;
- 30) QazaqGaz қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйымның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 31) QazaqGaz-дың акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүлкітің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 32) толық іске асырылуын QazaqGaz-дың жүзеге асыруын көздейтін инвестициялық жобаларды, құны QazaqGaz Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген шектен асатын инвестициялар жиынтығын бекіту;
- 33) QazaqGaz есеп саясатын, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 34) QazaqGaz қызметіндегі ашықтықты және ақпаратты ашу процестерінің тиімділігін қамтамасыз ету мәселелерін қарау;
- 35) қызметтік, коммерциялық немесе заңнамамен қорғалатын өзге де күпияны құрайтын QazaqGaz немесе оның қызметі туралы ақпаратты айқындау;

36) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде QazaqGaz Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер, QazaqGaz Директорлар Кеңесі немесе қор бекіткен құжаттар;

59. QazaqGaz Директорлар кеңесі:

1) лауазымды адамдар мен Жалғыз акционер деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығыстарын, оның ішінде QazaqGaz меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу кезінде теріс пайдалануды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) QazaqGaz корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

60. Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер QazaqGaz басқармасына шешу үшін берілмейді.

Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес QazaqGaz Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

61. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың арасынан сайланады:

1) Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынымдалған) адамдар;

2) басқа адамдар (Жарғының 64-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып).

62. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) QazaqGaz Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындалуын өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

63. Директорлар кеңесінің мүшелері бәсекелес ұйымдарда Директорлар кеңесінің, атқарушы органның мүшесі ретінде жұмыс істеуге құқылы емес.

64. Директорлар кеңесіне мүшеліке кандидаттардың және Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен QazaqGaz-дың мүдделері үшін барлық Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және салалық ортадағы он жетістіктері мен мінсіз беделі болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына мынадай адам сайланадай алмайды:

- Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар немесе сыйайлас жемқорлық қылмыс жасаған;

- бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің терағасы, бірінші басшысы (атқарушы органның басшысы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

- Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын, заңнамада белгіленген өзге де талаптар.

65. QazaqGaz Басқармасының Басқарма Төрағасынан басқа мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамды құрайды. Директорлар Кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Жалғыз акционердің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін) сайлау туралы шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетілуі тиіс.

66. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімін QazaqGaz жалғыз акционері белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі Директорлар кеңесінің жаңа құрамы сайланған күні аяқталады. Жалғыз акционер директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, жыл сайын жүргізілуі тиіс.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатуды Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер сайлаган жағдайда, соңғысының өкілеттігі тұтастай алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

67. Директорлар кеңесінің мүшесін тәуелсіз деп тану критерийлері Заңнамада айқындалады.

68. Директорлар кеңесінің төрағасын Жалғыз акционер сайлайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы Заңнамада және Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекітеді, QazaqGaz Директорлар кеңесінің отырыстарына шақырады және оларға төрағалық етеді;

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің қызметіне тиімді үлесін және Директорлар кеңесі мүшелері мен QazaqGaz Басқармасы арасындағы сындарлы қатынастарды қамтамасыз етеді;

4) Жалғыз акционермен тиімді байланысты және Жалғыз акционердің көзқарасын тұтастай алғанда Директорлар кеңесіне жеткізуді қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты және дұрыс ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді;

6) жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелеріне лауазымға кірісу бағдарламасын беруді қамтамасыз етеді;

7) QazaqGaz атынан Басқарма Төрағасымен материалдық көтермеледің және Басқарма Төрағасының QazaqGaz даму жоспарының (бизнес-жоспарының) қызмет нәтижелеріне және орындалуына тікелей тәуелділігін көздейтін еңбек шартын жасасады;

8) QazaqGaz-дың атынан Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерімен шарттарға қол қояды;

9) Қазақстан Республикасының Заңнамасында, Жарғыда және Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген өзге де мәселелерді шешеді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

69. Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе QazaqGaz Басқармасының бастамасы бойынша не талап бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі;
- 2) QazaqGaz-дың аудитін жүзеге асыратын аудиторлық үйим;
- 3) Жалғыз акционер;
- 4) QazaqGaz-дың Ішкі аудит қызметі.

70. Директорлар кеңесінің отырысына шақыру туралы талап, Директорлар Кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырыска шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен QazaqGaz Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысына шақыруға міндettі.

Директорлар кеңесінің отырысына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе QazaqGaz Басқармасы, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты қойған адамды міндettі түрде шақыра отырып өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындаиды.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар Кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жіберілуге тиіс.

Ірі мәмілені және (немесе) жасасуға мүдделілік бар мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат мәміле тараңтары, мәмілені орындау мерзімдері мен шарттары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заның 69-бабының 1-тармағында көзделген жағдайда) қамтуы тиіс.

QazaqGaz-дың мәміле жасасуына мүдделі тұлғалар жазбаша нысанда Заның 72-бабында көрсетілген ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге міндettі. Бұл ақпарат Директорлар кеңесіне жіберілетін материалдарға қоса беріледі.

QazaqGaz-дың мәміле жасасуына мүдделі, QazaqGaz лауазымды адамдары болып табылатын тұлғалар бетпе бет тәртіpte отырысты өткізу кезінде осы ақпаратты Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін корпоративтік хатшы арқылы ұсынады.

Көрсетілген мәліметтерді QazaqGaz-дың мәміле жасасуына мүдделі, QazaqGaz-дың лауазымды адамдары болып табылатын тұлғалар отырысты сырттай өткізу кезінде бюллетенъдерде тиісті ақпаратты көрсету жолымен ұсынады.

Директорлар кеңесінің отырысын сырттай өткізу туралы жазбаша хабарламаларға сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъ де қоса беріледі, ол бірыңғай нысан бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне беріледі.

Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъ, егер Директорлар кеңесі туралы ережеде өзге мерзімдер көзделмесе, отырыс өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъдерді жіберген кезде корпоративтік хатшы олардың дұрыс және біркелкі жасалғанын өз қолымен куәландырады.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада, бетпе-бет отырыс өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің отырыска қатыса алмайтын жағдайда, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірме қамтылуға тиіс.

71. QazaqGaz Директорлар кеңесі Төрағасының қалауы бойынша Директорлар кеңесінің, оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Осы Жарғы 58-тармағының 1), 7-15), 17), 19-22), 24), 26-28), 31-32) тармақшаларда айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылданбайды.

Директорлар кеңесінің кем дегенде бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе кезекті бетпе-бет отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.

Сырттай дауыс беру арқылы шешім, белгіленген мерзімде алынған бюллетенъдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенъге Директорлар кеңесінің мүшесі қол қоюы

тиіс. Қол қойылмаған бүллетенъ жарамсыз болып саналады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша нысанда ресімделуге және оған корпоративтік хатшы мен Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоюға тиіс.

Шешім ресімделген күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде ол осы шешім қабылданған бүллетендерді қоса бере отырып, директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

72. Директорлар кеңесінің бетпе-бет тәртіpte өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, оны Директорлар кеңесінің мүшелері мен Корпоративтік хатшы отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде жасауы және қол қоюы тиіс.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен қол қойылған бүллетендер корпоративтік хатшыда сақталады және QazaqGaz архивіне тапсырылады.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттамадан үзінді көшірмелер мен оның қолымен және тиісті QazaqGaz мөрінің бедерімен расталған шешімдерді беруге міндетті.

73. Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына бейнеконференция (интерактивті аудиовизуалды байланыс), конференц-байланыс (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефонмен мәжіліс» режимінде бір мезгілде сөйлесуі) арқылы, сондай-ақ өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып қатыса алады. Мұндай отырыс бетпе-бет тәртіpte өткізілді деп есептеледі. Осындай отырыстарда қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі Директорлар кеңесі туралы ережеде айқындалады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің төрағасын немесе корпоративтік хатшыны, оның Директорлар кеңесінің отырысына қатысу мүмкін еместігі туралы алдын ала хабардар етуге міндетті. Оттырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша хабарлама арқылы Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге құқылы.

74. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің санының кемінде жартысын құрайды және бейнеконференцияны (интерактивті аудиовизуалды байланысты), конференц-байланысты (Директорлар кеңесі мүшелерінің «телефонмен мәжіліс» режимінде бір мезгілде сөйлесуін), өзге де байланыс құралдарын пайдалануды ескере отырып, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жоқ мүшелерін ескере отырып (олардың жазбаша түрде берілген дауыстары болған кезде) айқындалады.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны, осы тармақта белгіленген кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау мәселесін

Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

Осы Жарғының 58-тармагы 1), 7), 8), 9), 12), 13), 14), 16), 20) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған Кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл ретте Директорлар кеңесінің отырысына тәуелсіз директорлардың көпшілік қатысуға тиіс.

75. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Заңнамада және (немесе) Жарғыда өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысқан не жазбаша пікір берген Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе QazaqGaz Директорлар кеңесінің Заңда және Жарғыда белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешіміне қарсы дауыс берген QazaqGaz Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

Егер көрсетілген шешіммен QazaqGaz және (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған болса, Жалғыз акционер сотта Qazaqgaz Директорлар кеңесінің Заң және Жарғы талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне дау айтуға құқылы.

76. QazaqGaz жасауға мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім оны жасасуға мүдделі емес Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Егер Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлардан басқа барлық мүшелері осындағы мәміле жасасуға мүдделі болған жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда QazaqGaz-да жасасуға мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

Қордың Директорлар кеңесі QazaqGaz-да жасасуға мүдделілік бар ірі мәмілелер мен мәмілелерді QazaqGaz-дың жасасуын өзге тәртібін белгілеуі мүмкін.

77. Анағұрлым маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін QazaqGaz-да Директорлар кеңесінің мынадай мәселелер жөніндегі комитеттері құрылады:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақылар;
- 3) аудит;
- 4) тұрақты даму.

QazaqGaz Директорлар кеңесінің шешімімен Директорлар кеңесінің өзге де комитеттері құрылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. Комитеттердің құрамына белгілі бір комитетте жұмыс істей үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар енгізілуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің басшысы (төрағасы) тек тәуелсіз директор бола алады. QazaqGaz Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы QazaqGaz-дың Директорлар кеңесі бекітетін QazaqGaz-дың ішкі құжатымен белгіленеді.

12-БАП. БАСҚАРМА

78. QazaqGaz Басқармасы ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асырады. Басқарма QazaqGaz Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті. QazaqGaz Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

Басқарма ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін өзірлеу және қолдану, QazaqGaz және оның еншілес үйымдарының, тәуелді акционерлік қоғамдардың және бірлесіп бақыланатын үйымдардың жекелеген және шоғырландырылған Бизнес-жоспарларын орындау үшін жауапты болады.

